

МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕСТЕР

МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №1 (қыркүйек)	
1	Жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру қорытындысы. Г.Тулегенова
2	Жаңа оқу жылына ата-аналар бұрышын жаңарту. Ж.Абдуллаева
3	Ойын-сауық сценарийн бекіту. С.М.Есетова
4	Бақылау мен басшылықтың кестесін бекіту. С.М.Есетова
5	Жұқпалы аурулардан сақтанудың шаралары. Г.Тулегенова
6	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №2 (қазан)	
1	№1 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
2	Топтардың санитарлық тазалығын тексеру. Г.Тулегенова
3	Дамытушы орталықтардың көрнекіліктерін бақылау. Ж.Абдуллаева
4	«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту. С.М.Есетова
5	«Республика күні» мерекелік іс-шараның жоспарын бекіту. С.М.Есетова
6	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
7	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №3(қараша)	
1	№2 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
2	Номенклатура бойынша топ құжаттарын бақылау. Ж.Абдуллаева
3	Жұқпалы ауруларға кеңестің нәтижесі, екпе жұмыстарының есебі. Г.Тулегенова
4	Қыс мезіліне дайындығын бақылау. Д.Алмаханов
5	Байқау сценарийлерін талқылау. Ж.Абдуллаева
6	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №4 (желтоқсан)	
1	№3 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
2	Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын тексеру
3	«Жаңа жыл» ертеңгілігінің сценарийлерін бекіту. С.М.Есетова
4	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
5	Техникалық қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі туралы инструктаж жүргізу
6	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №5 (қаңтар)	
1	2022 жылдың балалар ауруын талдау және «Ас – адамның арқауы» тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Г.Тулегенова, Б.Алиева
2	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
3	Жарты жылдық мониторинг қорытындысы. Ж.Абдуллаева
4	Ашық ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің кестесін бекіту Меңгеруші С.М.Есетова
5	«Ішкі еңбек тәртібінің ережелерінің сақталуын бақылаудың» қорытындысы. Кәсіподақ ұйымының төрайымы Д.Досжанова
6	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №6 (ақпан)	
1	Технологиялық картаны тексерудің нәтижесі салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ж.Абдуллаева
2	«Жігіт сұлтаны-2023» байқауының
3	Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің қорытындысы. Ж.Абдуллаева
4	«Мен және спорт» сайысының спорттық сайыстың қорытындысы. Ж.Нахипов
5	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова

МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №7 (наурыз)	
1	№6 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. Меңгеруші С.М.Есетова
2	«Жасыл ел» көгалдандыру жұмыс жоспарын бекіту. Мең.шар.орынб. Д.Алмаханов
3	Антропометриялық тексерудің қорытындысы, тамақтанудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын тексеру. Дәмбике Б.Алиева
4	«Ғарышкерлер күні» мен «Кұстарды қорғау» тәрбие сағаттарын бекіту. С.М.Есетова
5	«Анашым асылым», «Қош келдің, Өз Наурыз» мерекесінің қорытындысы. Ж.Абдуллаева
6	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
7	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №8 (сәуір)	
1	№7 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. Меңгеруші С.М.Есетова
2	«Жарақаттанудың алғашқы көмек көрсету» инструктаж жүргізу. Мейірбике Г.Тулегенова
3	«Баланың мінезі қалыптасқан кезеңнің қиындықтары» туралы психологиялық тексерудің қорытындысы мен «Жанұялық газет альбомдар» жинақтау Психолог Ж.Қыстаубаева
4	«Табиғатты аялайық!» сурет көрмесінің қорытындысы Әдіскер Ж.Абдуллаева
5	Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін бекіту. Меңгеруші С.М.Есетова
6	Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
7	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС №9 (мамыр)	
1	№8 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. Меңгеруші С.М.Есетова
2	Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігін бекіту Меңгеруші С.М.Есетова
3	Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің құжаттарын тексеріп, анықтама жасау. Әдіскер Ж.Абдуллаева
4	Бақша шаруашылық жұмыстарының есебі мен техникалық жөндеу жұмыстарына жоба жасау. Меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов
5	«Жазғы сауықтыру» жұмыстарының жоспарын бекіту. С.М.Есетова
6	Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №1

**2022 жылғы 4 қыркүйек
Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы**

Түркістан қаласы

Төрайымы-С.М.Есетова
Хатшы-Ж.Есенова
Қатысқандар: 52 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

- 1.Жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру қорытындысы.Г.Тулегенова
- 2.Жаңа оқу жылына ата-аналар бұрышын жаңарту. Ж.Абдуллаева
- 3.Ойын-сауық сценариін бекіту. С.М.Есетова
- 4.Бақылау мен басшылықтың кестесін бекіту. С.М.Есетова
5. Жұқпалы аурулардан сақтанудың шаралары. Г.Тулегенова
6. Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева
- 7.Аттестация ережесімен таныстырып, аттестациядан өткен, өтетін педагогтар туралы құжаттарды жинақтау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының мейірбикесі Г.Тулегенова карантинге байланысты жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру онлайн жүйесі бойынша ұйымдастырылғандығын айтты. Жаз мезгілінде өтілетін іс-шаралар дер кезінде ұйымдастырылып, бала өмір қауіпсіздігі сақталғандығын мәлімдеді. Балабақша ауласындағы хауыз күннің қатты ысып кетуіне байланысты іске қосылмағандығын айтты. Балалардың жұқпалы ауруларды сақтану керектігін баяндап, адам өздерін және жақындарын вирустан қорғау үшін қажетті сақтық шараларын қолдану керектігін айтты. Аталған жұқпалы ауру туралы күнделікті ақпарат жүйесі арқылы мағлұмат алып, сақтық шарасын қолданып отырғандығымыз туралы мәлімдеді.

Жарыс сөз:

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі С.М.Есетова сөз алды. Карантин кезінде сақтық шараларын күшейтуді, бақылауды қатаң қадағалауды, санпин ережесін үнемі сақтануды талап етті. Сонымен қатар фильтр шарасын, антисептикті қолдану, үнемі маска тағып жүру, маска тағу ережесін сақтауды қатаң талап етті. Топтарды желдету, шаң-тозаңдарды болдырмау, ылғалдату шарасын қатаң тапсырды. Карантин кезіндегі кезекшілік кестесін 08.00-18.00 арасында қызметкерден келісімімен құрып, бекітті. Кезекшілікке жауаптыларға немқұрайлы қарау керектігін ескертті. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ата-аналармен тығыз байланыста болуды айтып өтті.

Сонымен қатар оқу-тәрбие процесі өз деңгейінде, дер кезінде ұйымдастырылғандығын айтты.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскері Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева жаңа оқу жылына топтардың ата-аналар бұрышын жаңарту мақсатында жұмыс жүргізілгендігін мәлімдеді. Топтардың ата-аналар бұрыштарын талапқа сай өзгеркендерін айтты. Ата-аналар бұрышына «Күн тәртібі», «Оқу қызметі кестесі», «Тәрбиеленушілер тізімі», «Хабарландыру», «Құттықтау», «Ас мәзірін» «Жұқпалы аурулар» орналасқандығын айтты.

Жарыс сөз:

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова ата-аналар бұрышнамалары дер кезінде жаңартылып, хабарландырулар мен ас мәзірлері жаңартылып тұруын айтты.

Жарыс сөз:

Бақша дәмбике А.Мырзаханова дүйсенбі күні меңгеруші мөрімен бекітілген апталық ас мәзірін дер кезінде таңғы 08-00-де топ бұрыштарына қоятындығын айтты. Тамақтың сапасы мен дәрімендігін қадағалап отыратындығын мәлімдеді. Тамақ мәзірі мен балалардың тамақтану ережесі үнемі қадағаланып отырғандығын мәлімдеді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова карантин кезінде ережеге сәйкес топтардың жас ершеліктеріне қарай ойын-сауық сценарийлері құрылу керектігін айтты. Музыкалық кештерге, ертеңгіліктерге, байқаулардың жоғары деңгейде өтуіне саз жетекшілері қадағалап, әдіскер Ж.Абдуллаева басшылық жасау қажеттігін айтты. тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілерін төмендегідей бекітілгенін айтты. Сонымен қатар балалардың қауіпсіздік ережелері сақталатауды басты назарға алып, ескеру керек екендіктерін айтып өтті.

Жарыс сөз:

Бақша әдіскері Ж.Абдуллаева сөз алды. Жоспарланған сценарийлерді алдын-ала тексеріп шығып, баланың жас ерекшелігі сақталатындығын айтты. Ән би патриоттық, заманауи үлгіде орындалатындығын мәлімдеді.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Оқу –тәрбие процесін жүзеге асыру мақсатында тәжіриделі, белсенді, жаңашыл педагогтар мен техникалық қызметкерлер арасынан шығармашылық топ мүшелерін сайлау керектігін айтты. Шығармашылық топтың мақсаты бақшаның қоғамдық жұмыстарына белсене ат салысады. Бақшаны безендіру, көгалдандыру, сауықтыру шараларын ұйымдастыру т.б. аталған топқа мүшелерді таңдауларын ұсынды. С.М.Есетова «Бақылау мен басшылықтың» жоспарымен таныстырып, кестесін бекітті. Бақылау мен басшылыққа жауаптылар Ж.Абдуллаева мен Д.Алмахановқа атқарылатын жұмыстардың сапалы әрі мазмұнды болу керектігін ескертті.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша балалардың құжаттары мен оқу-тәрбие процесі, тамақтану режимі, күн тәртібінің сақталуы, балалардың өмір қауіпсіздіктерінің

сақталу керектігін тағы да ескертіп өтті. Сақтық шараларын ұйымдастыруда медициналық шаралардың жосралы жүріп жатқандығын мәлімдеді. Таңертеңгі фильтр жұмыстары мен топтың санитарлық тазалықтарының бақылау жұмыстары туралы мәлімдеді. Топқа бекітілген тәрбиешілер мен тәрбиешінің көмекшілеріне өз міндеттері мен жұмыс уақыттары таныстырды.

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша жедел бақылау қорытындысында номенклатура бойынша іс-құжаттардың реттілігі мен жүйелілі туралы баяндады. Құжаттар толықтырылған, жүйелі реттестірілгендігі туралы мәлімдеді. Сонымен қатар топтардың құжаттары, оқу-тәрбие процессінің талапқа сай жинақталғандығы туралы айтты. Топтардың санитарлық тазалығы, гигиеналық іс-шаралардың күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқандығын айтты. Үнемі бақылау мен басшылық жасалып, қадағаланатындықтарын ескертті.

Тыңдалды:

Жетінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова аттестаттау ережелерімен таныстырып, барлық жағдай электронды жүйе арқылы тіркеліп, бағаланатындығын ескертіп өтті. Тәрбиеші М.Ахметова педагог-сарапшы деңгейінен тест тапсырып, өткендігін айтты. Бірақ e-gov порталы ашылған жағдайда ғана портфолиосы тіркеліп, өтсе ғана расталатындығын айтты. Қазір e-gov порталы ашылмағандығын айтты. Қалған педагогтардың тесттен өту керектігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған карантин кезіндегі сауықтыру шаралары жоспары мен сақтық шаралары жұмыстары дер кезінде орындалып, құжаттары жинақталсын. Жауапты: Г.Тулегенова
2. Топтардың «Ұлттық бұрыштары», «Рәміздер», «Өрт қауіпсіздігі», «Ата-аналар бұрыштары жаңартылып, жоспары құрылсын. Жауапты: Ж.Абдуллаева, Д.Алмаханов
3. Ойын-сауық, мерекелік іс-шаралар дер кезінде тақырыпқа, талапқа сәйкес ұйымдастырылсын. Жауапты: Б.Құдайбергенова
4. Бақылау мен басшылық қадағаланып, үнемі бақылансын. Жауаптылар: Ж.Абдуллаева, Д.Алмаханов
5. Балалардың құжаттары мен оқу-тәрбие процессі, тамақтану режимі, күн тәртібінің сақталуы, балалардың өмір қауіпсіздіктері мен өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақталып, қадалансын. Жауаптылар: Ж.Абдуллаева, Д.Алмаханов
6. Аттестатциядан өтетін педагогтардың құжаттары жинақталсын. Жауапты Ж.Абдуллаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №2

2022 жылғы 2 қазан

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-Ж.Есенова

Қатысқандар: 56 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

1. №1 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
2. Топтардың санитарлық тазалығын тексеру. Г.Тулегенова
3. Дамытушы орталықтардың көрнекіліктерін бақылау. Ж.Абдуллаева
4. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту. С.М.Есетова
5. «Республика күні» мерекелік іс-шараның жоспарын бекіту. С.М.Есетова
6. Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
7. Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Балдырған» ясли-бақшасының меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған сауықтыру шаралары жоспары жұмыстары дер кезінде орындалып, құжаттары жинақталғандығын, «Ата-аналар бұрышы» жаңартылып, «Ішкі еңбек тәртібінің ережелері қадағаланып, қызметкерлердің міндемелері қадағаланып, жұмыстардың бақылауда болғандығын мәлімдеді. Сонымен қатар, ойын-сауық, мерекелік іс-шаралар дер кезінде тақырыпқа, талапқа сай өтіліп, «Шығармашылық топтың» бақшаның көркемделіп, безендірілуіне жұмыс жасап жатқандықтарын айтып өтті. Ж.Абдуллаева мен Д.Алмаханов «Бақылау мен басшылықты, үнемі бақылап, мәлімдеме жасап отырғандарын айтты.

Сонымен қатар жауаптылар өз міндеттемелерін дер кезінде орныдап, балалардың құжаттары мен оқу-тәрбие процессі, тамақтану режимі, күн тәртібінің сақталуы, балалардың өмір қауіпсіздіктері мен өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақталып, үнемі қадалап отырғандығын айтып өтті. Ұйымдастырған оқу қызметтері МЖМББС талаптарына сай жүргізіліп жатқандығын айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева қыркүйек айының жоспарланған іс-шара жұмыстары дер кезінде орындалып жатқандығын айтты. Қазіргі таңда Bilimkids оқу ағарту жоспарына сәйкес ұйымдастырылып жатқан әдістемелік

нұсқаулыққа сүйеніп жұмыс жасалып жатқандықтары туралы мәлімдеді. Bilimkids өте тиімді, ыңғайлы әдістемелік құрал екендігін таныстырды.

Жарыс сөз:

Тәрбиеші А.Елекеева Bilimkids бағдарламасының жұмыс жасауға өте тиімді, ыңғайлы әдістемелік құрал екендігін айтты. Бағдарламада топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес жылдық жоспарлар мен циклограммалары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің технологиялық карталары жаңашыл әдіс-тәсілдері мен көрнекіліктерімен көрсетілгендіктерін айтты. Тәрбиешілер бірауыздан қолдайтындықтарын айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов бақшаның «Ішкі еңбек тәртібінің ережелері қадағаланып, қызметкерлердің міндеттемелері сақталғандығын баяндады. Қызметкерлердің жұмыстары «жақсы» деңгейде жүргізіліп жатқандығын айтты. Бақылау мен басшылық қадағаланып, үнемі бақыланып отырғандығын айтты. Сонымен қатар «Өрт қауіпсіздігінің ережелерінің» сақталып, қадаланғандығын баяндады. Электрик А.Шамсиев үнемі қадағалап, ақаулармен дер кезінде жұмыс жүргізіп, дұрыстағанын айтты.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша мейірбике Г.Тулегенова бақша мен топтардың санитарлық тазалығын тексерудің нәтижесі туралы есеп берді. Г.Тулегенова бақшада әр сәрсенбі сайын санитарлық тазалықтың жүргізілетіндігін айтты. Санитарлық талаптарға сәйкес топтардың тазалығы «Фильтр» жұмыстары қадағаланып, таңертеңгі желдету мен күн тәртібіндегі тазарту жұмыстары туралы мәлімдеді.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге бақша әдіскері Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева өз сөзінде бақша қызметкерлерінің санитарлық талаптарды «өте жақсы» деп бағалады. Топтар ғана емес, коридорлар, асхана, кір жуу бөлмелері тазалықты сақтайтындықтарын айтты.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша мәселеге әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева топтардың дамытушы орталықтардың көрнекіліктерін бақылаудың нәтижесі туралы мәлімет берді. Топтардағы балалардың ойын іс-әрекетін дамытушы орталықтар тақырыпқа сай барлық топтарында жинақталғандығын айтты. Қалған топтардың көрнекілік құрал саймандары аздау екендігін, мазмұнды жинақтау керектігін айтты. Сонымен қатар топтарда табиғат бұрыштарында гүлді көбейтетіндіктерін айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов «Сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайту» туралы бөліміндегі айтылған мағлұматтар туралы таныстырып, ұжымды бірауыздыққа, ынтымаққа, үнемі татулыққа шақырды.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева «Алтын күз мерекесінің бағдарламасын туралы сөз алды. «Алтын күз» мерекесі ортаңғы, ересек, мектепалды топтары арасында өтетіндігі туралы мәлімдеді. Ертеңгілік мазмұнды, тақырыпқа сай өтетіндігін айтып өтті. Ертеңгілікке дайындықта қауіпсіздік ережелерінің сақталатындығын айтты. Сонымен қатар «Күз ханшайымы-2022» байқауы ересек, мектепалды даярлық топ қыздары арасында ұйымдастырылды. Бас жүлдені «Достық» ересек тобының тәрбиеленушісі Мұхаметжан Айша иеленді.

Тыңдалды:

Бесінше мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Республика көлемінде тойланатын мерекелік іс-шараға жоспар құрылғандығын айтты. Мәнерлеп өлең оқу, сурет көрмесі, спорттық сайыстар, бұрыштамалар жасау барлығы балаларға берілетін елжанды тәрбие деп баяндады. Іс-шалалар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылғандықтарын айтты.

Тыңдалды:

Алтыншы және жетінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова әкімшілік бақылау жұмыстарының қорытындысын айтты. Құжаттар толықтырылған, жүйелі реттестірілгендігі туралы мәлімдеді. Сонымен қатар топтардың құжаттары, оқу-тәрбие процессінің талапқа сай жинақталғандығы туралы айтты. Топтардың санитарлық тазалығы, гигиеналық іс-шалардың күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқандығын айтты. Үнемі бақылау мен басшылық жасалып, қадағаланатындықтарын ескертті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Топтардың санитарлық тазалығын сақталып, дер кезінде тексерілсін. Жауапты: Г.Тулегенова
2. Дамытушы орталықтардың көрнекіліктерін талапқа сай емес топтарда толықтылырсын. Жауапты: Ж.Абдуллаева
3. «Республика күні» мерекелік іс-шарасы мен «Алтын күз» ертеңгілігі тақырыпқа сай өтілсін. Жауапты: Ж.Абдуллаева, саз жетекшілері
4. «Төтенше жағдайларда балаларға көрсетілетін психологиялық көмекті бақылансын. Жауапты Ж.Қыстаубаева
5. Бақылау мен басшылық дер кезінде қадағалансын. Жауапты Ж.Абдуллаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №3

2022 жылғы 3 қараша

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

ХатшыЖ.Есенова

Қатысқандар: 56 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

- 1.№2 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
- 2.Номенклатура бойынша топ құжаттарын бақылау. Ж.Абдуллаева
- 3.Жұкпалы аураларға кеңестің нәтижесі, екпе жұмыстарының есебі. Г.Тулегенова
- 4.Қыс мезіліне дайындығын бақылау. Д.Алмаханов
- 5.Байқау сценарийлерін талқылау. Ж.Абдуллаева
6. Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Топтардың санитарлық тазалығын үнемі қадағалап, дер кезінде тексеріліп, мейірбикелер мәлімдеме жасап отырғандығын айтты. Сонымен қатар, топтардың дамытушы орталықтардың көрнекіліктерін талапқа сай емес әлі толықпағандығын айтып, әдіскер Ж.Абдуллаеваға қадағалауды тапсырды.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзде Ж.Абдуллаева «Алтын күз» ертеңгілігі тақырыпқа сай өтіліп, ертеңгіліктерде ешқандай кемшіліктің болмағандығына мәлімдеме жасады. Саз жетекшілері әуен мен би өнерін «жақсы» ұйымдастырғандықтарын айтты.

Жарыс сөз:

Бақша психологы Ж.Қыстаубаева «Төтенше жағдайларда балаларға көрсетілетін психологиялық көмекті бақыланып, жұмыс атқардығын мәлімдеді. Сонымен қатар топтардан төтенше жағдай туралы балалардың күзіреттілігін жайлы сауалнамалар алып, сараптама жұмыстарын жасағандығын айтты.

Сауалнама нәтижесі «Төтенше жағдайда не істеу керек?» дегенге балалар 61%, ал 39 % балалардың дайынсыздығын туралы нәтиже көрсеткендігін мәлімдеді. Сондықтан балаларға төтенше жағдай мен қауіпсіздік ережелері туралы тәрбие сағаттарын жоспардан тыс өту керектігін айтты. Тәрбие сағаты бала»ны қауіп-қатерден құтқарып, күзіреттілігін артатындығын айтып өтті.

Тыңдалды:

Екінші мәселеде номенклатура бойынша топ құжаттарын бақылаудың нәтижесін әдіскер Ж.Абдуллаева мағлұмат берді. Топтардың іс-құжаттарға номенклатура бойынша ұйымдастырылғандығын айтты. Бақылауда кездескен кемшіліктер бойынша ескртулер

жасалып, қателерді түзетіп қоятындықтарын мәлімдеді. **Қазақстан Республикасының Президентін сайлауының Түркістан облысы, Түркістан қаласы №880 сайлау учаскесі комиссиясының жұмыс барысымен таныстырды. Сайлау учаскесі бөлмесін ережеге сәйкес дайындау, санитарлық тазалықты қадағалауды айтты.**

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша мейірбике Г.Тулегенова сөз алды. Г.Тулегенова жұқпалы ауруларға кеңестің нәтижесі, екпе жұмыстарының есебін берді. Егу жұмыстарын қалалық балалар емханасының жоспары бойынша берілген егулерді салғандарын мәлімдеді. Егу жұмыстарын жүргізбес бұрын, балалардың ата-аналарына «Ескерту қағаздарын» таратып, рұқсаттарын алған. Ал рұқсат бермеген ата-аналардың балаларын егу жұмыстары жүргізілмегендігін, балалардың бақылауда болғандықтарын айтып өтті.

Сонымен қатар жұқпалы ауруларға кеңестің нәтижесі мен екпе жұмыстарының есебін берді. Балалардың «Денсаулық паспорты» дер кезінде тексеріліп, балалардың егулерін дер кезінде салып, денсаулығында ақау болған жағдайда емханаға хабарлап отырғандығын айтты. Егудің есебін қалалық ауруханаға есеп беріп отырғандығын айтты.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі-жөніндегі орынбасары Д.Алдімаханов сөз алды. Д.Алдімаханов қыс мезіліне дайындығын туралы мағлұмат берді. Бақша ғимаратының жылу жүйелеріне аппресовка жасалғандығын. Жылу қазандығы іске дайын екендігін, жылу жүйелері тексеруден өткендігін айтып өтті. Бақша айналасына тазарту жұмыстарын жасап, қыс мезгіліне дайындықтың жүргізілгендігін, топтарда жылу бақылауға әр бөлмеге градусниктердің орналасқандығын айтып өтті.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева Республика күніне орай «Мәнерлеп өлең оқу» байқауының сценариімен таныстырды. Байқаудың мақсаты тәрбиелеруші 4-5 жастағы мәнерлеп өлең оқуы мен құзіреттіліктерін тану. Ортаңғы топ арасында әр топтар екі қыздан қатысатындығын. Байқауға Ж.Нұрмышова, А.Елекеева жауапты болатындығын айтты. Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес күнделікті әр топта тәрбиешілер ашық оқу қызметтерін өтетіндігін, ашық оқу қызметтері жоспарға, тақырыпқа сәйкес өтетіндігін мәлімдеді.

Тыңдалды:

Алтыншы жалпы мәселелер бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Барлық жұмыстардың сапалы нәтиже көрсетулерін ескертті. Құжаттамалардың жинақталуы, мәліметтердің дер кезінде реттелуін айтып өтті. Сонымен қатар педагогтардың шығармашылық жұмыстары қадағаланатындығын ескертті. Жедел бақылау қорытындысында номенклатура бойынша іс-құжаттардың реттілігі мен жүйелілі туралы баяндады. Құжаттар толықтырылған, жүйелі реттестірілгендігі туралы мәлімдеді. Сонымен қатар топтардың құжаттары, оқу-тәрбие процессінің талапқа сай жинақталғандығы туралы айтты. Топтардың санитарлық тазалығы, гигиеналық іс-шаралардың күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқандығын айтты. Үнемі бақылау мен басшылық жасалып, қадағаланатындықтарын ескертті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Номенклатура бойынша топ құжаттары бақылансын.

Жауапты: Ж.Абдуллаева

2.Жұқпалы ауруларға кеңестер дер кезінде жүргізілсін, екпе жұмыстарының есебі алынсын. Жауапты: Г.Тулегенова

3.Қыс мезіліне дайындық бақылансын. Жауапты: Д.Алмаханов

4.Байқау өз деңгейінде өтілсін. Жауапты: Б.Құдайбергенова

5. Жұқпалы аурулар мен вирустардан сақтану шаралары қатаң қадағаланып, санпин ережелері сақталысын. Жауапты Г.Тулегенова, Б.Алиева

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №4

2022 жылғы 4 желтоқсан

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-Ж.Есенова

Қатысқандар: 54 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

- 1.№3 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
- 2.Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын тексеру
3. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен» тәрбие сағаттары мен «Жаңа жыл» ертеңгілігінің сценарийлерін бекіту
- 4.Ашық ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің қорытындысы
- 5..Бақылау мен басшылықтың ережесін нәтижесі.
- 6.Техникалық қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі туралы инструктаж жүргізу
7. Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова іс-құжаттар номенклатурасы бойынша топ құжаттары бақыланғанын айтты. Бақылау нәтижесі топтардың іс-құжаттары номенклатура бойынша кемшіліктерге толықтырулар жасалғандығын мәлімдеді. Өткен меңгеруші кеңесіндегі жүктелген жұмыстарға жауаптылардан есеп сұрады.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге әдіскер Ж.Абдуллаева өз мәлімдемесін жасады. Номенклатура бойынша құжаттардың заңдыланып орындалғандығын, оқу-құралдары жаңартылғандығын айтты. Онлайн өткен ата-аналар жиналысының хаттамаларының құжаттары жинақталғандығын мәлімдеді.

Жарыс сөз:

Мейірбике Г.Тулегенова жұқпалы ауруларға кеңестер дер кезінде жүргізілгендігін, екпе жұмыстарының есебі қалалық балалар емханансына дер кезінде берілгендігі туралы есеп берді. Сонымен қатар қазіргі таңдағы жұқпалы аурулардан сақтанудың жолдарын атап өтті. таңертеңгі баланы қабылдаудағы фильтр жұмысын қатаң қадағалап, баланың дене қызуымен, жағдаятын бақылауды қатаң бақылап отырғандарын баяндады. Сонымен қатар балабақшаішілік маска тағу және антисептик қолдану ережесін сақтауды ескертті.

Жарыс сөз:

Меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов кезекті жарыс сөзінде қыс мезіліне дайындық жұмыстары жүргізіліп, қазандықтардың тексеруден өткенін, от жағушылардың құжаттары заңды екендігін, санитарлық тазалықтың жүргізіліп, күнделікті бақылаудың жүргізіліп отырғандығын мәлімдеді. Топтардың жылуы 17, 20 градусты көрсетіп отырғандығын айтып өтті.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзде меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Бақылау мен басшылықтың ережесін туралы күнделікті бақылаудың қорынтындысын атап өтті. Күн тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің жауапкерлішігі, тамақтың сапасы мен санитарлық тазалықтың сақталуы «оң» нәтижені көрсеткендігін айтты. Кемшіліктер дер кезінде түзетіліп, орындылып отырғандығын мәлімдеді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алып, тәуелсіздікке арналған «Тәуелсіздік 30 жылдығына» атты тәрбие сағаттардың жоспарланғанын айтты. Тәрбие сағаты балаларға патриоттық, отансүйгіштік, елжандылық рухтарын арттыратындықтарын мәлімдеді. Топтарда арнайы бұрыштар, суреттер жасалатындығын айтты. Сонымен қатар «Жаңа жыл» ертеңгілігінің сценарийлері жоспарланып, іс-шара «жоғары» деңгейде өткізуге жұмыс жасалатындығын айтты. Іс-шараға тәрбиеленушілер мен педагогтар да ат салысып, мерекелік ертеңгілік саз бөлмесінде тақырыпқа сәйкес өткендігін айтты. Саз бөлмесі жаңа жылдық мерекелік кешке безендірілетіндігі баяндалды.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бойынша мәлімдеді. Ашық оқу іс-әрекеттері жоспарға сәйкес өтілді. «Қош келдің, Жаңа жыл-2023!» - Жаңа жылды қарсы алудан, көп күткен мерекеден, шыршадан, Аяз ата мен Қарша қыздан, жаңажылдық киімдерден, сыйлықтардан, ертегіден, жаңа жылдық мерекеге дайындалудан, жаңажылдық өлеңдер, әндер, билерді үйренуден балалардың жағымды эмоциясын қалыптастыру.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге педагог-психолог Ж.Қыстаубаева инклюзив топтың жоспары жұмыстары туралы мәлімдеді. Инклюзив топтың жоспарына сәйкес балалармен жасалған психологиялық, логопед жұмыстардың нәтижелі көрсеткіштерін айтып өтті. Ерекше назарды қажет ететін балаларға жеке жұмыстардың жасалғандығын мәлімдеді.

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Бақылау мен басшылықтың ережесін нәтижесін үнемі қадағалауда болғандығын айтты. Іс-құжат номенклатурасы мен кіріс-шығыс құжаттардың барысы дер кезінде жүргізіліп жатқандығын атап өтті. сонымен қатар КОВИТ-19 індеті бойынша жүргізіліп жатқан күнделіті сақтық шараларының барысы бақылауда екендігін айтты. Қызметкерлер мен балалардың Денсаулық журналдары тексеріп, денсаулықтары туралы қадағалап отырғандығын ескертіп өтті. Сонымен қатар

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов техникалық қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі инструктажын жүргізгендігін айтты. Бақшаның санитарлық тазалығы мен залалсыздандыру жұмыстарының ережелері туралы баяндады. Әр сәрсенбіні «Тазалық күні» етіп белгілеп, тазалықтың жүргізіліп отырғандығын баяндады. Сонымен қатар СЭС ережесімен таныстырып, нормативті өлшемдердің сақталып отырғандығын айтып өтті.

Жарыс сөз:

Дәмбике А.Мырзаханова сөз алды. Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамы туралы есеп берді. Тамақтандырудың ережелері талапқа сәйкес екенін айтты. Тамақтың дәрумендік сапасы жоғра екенін баяндады. Топтардағы тәрбиеленушілердің тамақтану ережесі, гигиеналық тазалықты сақтайтынын айтты. «Қол жуу ережесі», «Үстел басындағы дұрыс отыру ережесі» дәстүрлі екенін баяндады.

Алтыншы мәселе бойынша жедел бақылау қорытындысында номенклатура бойынша іс-құжаттардың реттілігі мен жүйелілі туралы баяндады. Құжаттар толықтырылған, жүйелі реттестірілгендігі туралы мәлімдеді. Сонымен қатар топтардың құжаттары, оқу-тәрбие процессінің талапқа сай жинақталғандығы туралы айтты. Топтардың санитарлық тазалығы, гигиеналық іс-шаралардың күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқандығын айтты. Үнемі бақылау мен басшылық жасалып, қадағаланатындықтарын ескертті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.Бақшаның күн тәртібі күнделікті бақылансын. Жауапты: Ж.Абдуллаева, Д.Алмаханов
- 2.Техникалық қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі туралы инструктаж бойынша қауіпсіздік ережесі сақталсын. Жауапты: Д.Алмаханов
3. Шаруашылықтың II жарты жылдықтың есеп құжаттары жинақталсын. Жауапты: Ж.Абдуллаева
4. «Жаңа жыл-2021» ертеңгілігінің сценарийлерін бекітілсін. Жауапты: Ж.Абдуллаева
- 5.«Инклюзив топтың» жұмыстары қадағалансын. Жауапты: Ж.Қыстаубаева
- 6.Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын қадағаланып, бақылау жасалсын. Жауапты Б.Алиева

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №5

2023 жылғы 8 қаңтар

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-Ж.Есенова

Қатысқандар: 53 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

1. 2022 жылдың балалар ауруын талдау және «Ас – адамның арқауы» тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Г.Тулегенова, Б.Алиева
2. Әкімшілік бақылау жұмыстары. Меңгеруші С.М.Есетова
3. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы. Ж.Абдуллаева
4. Ашық ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің кестесін бекіту Меңгеруші С.М.Есетова
5. «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерінің сақталуын бақылаудың» қорытындысы. Кәсіподақ ұйымының төрайымы Д.Досжанова
6. Жедел бақылау қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мейірбике Г.Тулегенова 2022 жылдың балалар аурулары мен егу жұмыстарының жүргізілуін баяндады. Балалардың денсаулығын үнемі қадағалауда екенін айтты. Таңертеңгілік фильтр жұмыстарын жүргізіп, «дауна синдромымен» ауыратын екі баланың денсаулығы «жақсы» екенін баяндады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы «17» тамыздағы №615 бұйрығына сәйкес бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» санитарлық қағидарының жалпы ережелерімен таныстырды. Ережелермен таныстыра отырып, топтардың санитарлық тазалығы мен гигиеналық талаптарын бақылап отырғандарын айтты.

Жарыс сөз:

Мейірбике А.Мырзахметова күнделікті бақшаның санитарлық тазалығы мен таңертеңгілік ФИЛЬТР уақытын қадағалайтынын айтты. Сонымен қатар СЭС жоспарлы санитарлық тексеруіне дайындықтары «жақсы» екенін баяндады. Номенклатура бойынша іс-құжаттарын түгелдеп қызметкерлердің «Медициналық кітапшасы»-жұмысқа жіберілген туралы белгісі бар міндетті медициналық тексеріп-қарау нәтижелері енгізілетін, халықтың декреттелген тобының өкіліне берілетін жеке құжаты мен «Бала денсаулығы паспортының» түгелдігін айтылды.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша А.Елекеева сөз алды. А.Елекеева «Балаларды сыпайылыққа үйретеміз» эстетикалық тәрбие туралы мәлімдеме жасады. Балаларды сыпайылыққа тәрбиелеу үшін ең алдымен ұжымның ынтымағы, мәдениеттігілі жақсы болу керек еді. Үлкен адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасынан тәрбиелеп отырған тәрбиеленушілеріміз үлгі, өнеге алады деді. Сыпайылық ұлттық мінез-құлықты суреттейді, отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімді арттырады деп баяндады.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру, жарты жылдық индикатор» қорытындысы туралы баяндама жасады. Индикатор қорытындысы №3 педагогикалық кеңесте толық мәлімдеме жасалғандықтан «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру, жарты жылдық индикатор» 68% екендігін баяндады. Оқу-тәрбие жұмыстары мен тәрбиешілердің жұмыс жоспары қадағаланып, бақылау мен басшылық жүргізілгендігін айтты. Номенклатура бойынша топтардың іс-құжаттарына бақылау мен басышылық үнемі жүргізіліп отырғандығын баяндады. II жарты жылдықта өтетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен таныстырды.

Жарыс сөз:

Тәрбиеші А.Болат «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру, жарты жылдық индикатор» 5 білім саласы бойынша жеке-жеке талданып, қорытынды жасалғандығын айтты.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова «Абай-дана, Абай-дара қазақта» мәнерлеп оқу байқауының бағдарламасын бекіту. Бауқаудың шарттары:

- 1.Таныстыру
- 2.Мәнерлеп өлең оқу

Жарыс сөз:

Меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов техникалық қызметкерлерге қауіпсіздік инструктажы ай сайын жүргізіліп, қадағаланып, шаруашылықтың II жарты жылдықтың есеп құжаттары жинақталғанын айтып, техникалық қызметкерлерге инструктаж жүргізді. Бақшаның санитарлық тазалығы мен залалсыздандыру жұмыстарының ережелері туралы баяндады. Д.Алмаханов бақшаның қауіпсіздік ережелерінің сақталуын үнемі бақылап, бала өміріне қауіпті жағдаяттардың алдын алып жүргендігін баяндады.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.Балалар денсаулықтары туралы дер кезінде мағлұматтар жинақталып, тамақтандырудың ұйымдастырылуы қадағалансын. Жауапты Г.Тулегенова, М.Касымова
- 3.«Балаларды сыпайылыққа үйретеміз» эстетикалық тәрбиесі қадағалансын. Жауапты Ж.Абдуллаева
4. Абай-дана, Абай-дара қазақта» мәнерлеп оқу байқауының бағдарламасын бекітілсін. Жауапты Ж.Қыстаубаева
5. СЭС ережелері мен талаптары дер кезінде орындалсын. Жауапты Д.Алмаханов, Г.Тулегенова

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №7

2023 жылғы 12 ақпан

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-К.Искендинова

Қатысқандар: 59 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

- 1.№6 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. С.М.Есетова
2. Технологиялық картаны тексерудің нәтижесі салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ж.Абдуллаева
3. «Жігіт сұлтаны-2023» байқауының бағдарламасын бекіту. С.М.Есетова
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің қорытындысы. Ж.Абдуллаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева оқу-тәрбие жұмыстары мен тәрбиешілердің жұмыс жоспары қадағаланып, бақылау мен басшылық жүргізілгендігін айтты. Номенклатура бойынша топ

Топтың іс-құжаттарына бақылау мен басышылық үнемі жүргізіліп отырғандығын баяндады. II жарты жылдықта өтетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен таныстырды.

Жарыс сөз:

Тәрбиеші Ж.Нұрмышова сөз алды. «Ең үздік табиғат бұрышы» байқауы өткенін баяндады. Топаралық ұйымдастырылған «Табиғат бұрыштары» талапқа сәйкес екенін айтты. «Ең үздік табиғат бұрышы» I орын «Құлагер» ересек тобы, II орын «Солнышко» мад тобы, III орын «Ақ көгершін» ортаңғы тобы мен «Айналайын» ортаңғы топтары марапатқа лайық екенін айтты.

Ұсыныс:

Психолог Ж.Қыстаубаева сөз алды. Ж.Қыстаубаева марапатты осы топтың тәрбиешілеріне беруді ұсынатындығын айтты.

Жарыс сөз:

Меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов техникалық қызметкерлерге қауіпсіздік инструктажы ай сайын жүргізіліп, қадағаланып, шаруашылықтың II жарты жылдықтың есеп құжаттары жинақталғанын баяндады.

Жарыс сөз:

Дәмбике Б.Алиева сөз алды. Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын қадағалып, бақылау жасалғандығын баяндады.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева «Ата-аналарға кеңес беру» пункті жұмысының қорытындысымен таныстырды. «Ата-аналарға кеңес беру» пункті жылдық жоспармен жұмыс жасалып жатқанын айтты. Кеңес алатын ата-аналармен құжаттамалар бойынша жұмыс жасалып жатқандығы баяндалды.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Бала даму көрсеткіштерінің диагностикасына қорытындысын 5 білім саласы бойынша жүргізгендігін айтты. Жалпы балалардың күзіреттілігі 3,9 бағамен қорытындыланғанын баяндады.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов техникалық қызметкерлерге инструктаж жүргізді. Бақшаның санитарлық тазалығы мен залалсыздандыру жұмыстарының ережелері туралы баяндады.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. Д.Алмаханов бақшаның қауіпсіздік ережелерінің сақталуын үнемі бақылап, бала өміріне қауіпті жағдаяттардың алдын алып жүргендігін баяндады.

Жарыс сөз:

Мейірбике Г.Тулегенова сөз алды. Г.Тулегенова күнделікті бақшаның санитарлық тазалығы мен таңертеңгілік ФИЛЬТР уақытын қадағалайтынын айтты. Сонымен қатар СЭС жоспарлы санитарлық тексеруіне дайындықтары «жақсы» екенін баяндады. Номенклатура бойынша іс-құжаттарын түгелдеп қызметкерлердің «Медициналық кітапшасы» мен «Бала денсаулығы паспортының» түгелдігін а

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1 «Анашым асылым», «Қош келдің, Әз Наурыз» мерекесі мен «Өрт сөндірушілер» сайысының бағдарламасы бекітілсін. Жауапты Ж.Абдуллаева, Ж.Нахипов
2. Топ құжаттарын дер кезінде толықтырып, жұмыс барысы қадағалансын. С.М.Есетова
4. «Жол тәртібін жадында ұста!» бағдарламасын бекітіліп, топтарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылсын. С.М.Есетова

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №8

2023 жылғы 29 наурыз

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-К.Искендірова

Қатысқандар: 52 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

1. №6 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. Меңгеруші С.М.Есетова
2. «Жасыл ел» көгалдандыру жұмыс жоспарын бекіту. Мең.шар.орынб. Д.Алмаханов
3. Анторпометриялық тексерудің қорытындысы. Мейірбике Г.Тулегенова
4. «Ғарышкерлер күні» мен «Құстарды қорғау» тәрбие сағаттарын бекіту. Меңгеруші С.М.Есетова
5. «Анашым асылым», «Қош келдің, Өз Наурыз» мерекесі мен «Өрт сөндірушілер» сайысының бағдарламасының қорытындысы. Әдіскер Ж.Абдуллаева, д/ш мұғалімі Ж.Нахипов
6. Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын тексеру. Дәмбике Б.Алиева
7. Жалпы мәселелер

Тыңдалды:


Бірінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова өткен №6 меңгеруші кеңес отырысының орындалған жұмыстарын қорытындылады. «Ата-аналарға кеңес беру» пункті жұмысы «жақсы» деп бағалады. Кеңеске жауаптылар әдіскер Ж.Абдуллаева мен психолог Ж.Қыстаубаеваға пункт жұмыс үнемі қадағалап отыруларын тапсырды. «Ең үздік табиғат бұрышы» бойынша тәрбиешілер Г.Юлдашева, М.Умарова, Ғ.Тоқсанбаева, Ж.Бегентаева Алғыс хатпен марапатталды.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзде бақша әдіскері Ж.Абдуллаева сөз алды. Балалардың даму күзіреттіліктері қадағаланып, бес білім салалары бойынша тәрбие жұмыстарының қорытындысына есеп берді.

Тобы	Топтың жас ерекшелігі	Денсаулық	Коммуникация	Таным	Шығармашылық	Әлеуметтік орта	Жалпы деңгейі
<i>Балбөбек</i>	<i>кіші</i>	3,2	3,0	3,1	3,1	3,0	3,0
<i>Айгөлек</i>	<i>Ортаңғы</i>	3,6	3,7	3,6	3,8	3,7	3,6
<i>Құлагер</i>	<i>Ортаңғы</i>	3,0	3,4	3,3	3,3	3,6	3,9
<i>Жұлдызша</i>	<i>Ортаңғы</i>	4,8	3,3	3,2	3,5	3,2	3,6
<i>Самұрық</i>	<i>Ортаңғы</i>	3,3	3,4	3,1	3,0	3,1	3,1
<i>Ақ көгершін</i>	<i>Ортаңғы</i>	4,1	3,3	3,3	3,5	3,5	3,5
<i>Достық</i>	<i>Ересек</i>	4,1	3,3	3,3	3,5	3,5	3,5
<i>Бәйтерек</i>	<i>Ересек</i>	3,7	3,1	3,7	3,7	3,5	3,5

Солнышко	Старшая	4,9	3,5	3,6	3,6	3,5	3,8
Қарлығаш	мад	4,5	3,5	3,4	3,5	3,5	3,6
Ақжелкен	мад	3,8	3,7	4,2	3,9	3,8	3,8
Айналайын	мад	4,0	3,5	3,8	3,6	3,4	3,6
Жалпы деңгей қорытындысы		3,9	3,4	3,5	3,5	3,5	3,6
Жалпы %		74%	69%	73%	71%	69%	68%



Сонымен қатар техникалық қызметкерлерге инструктаж бен қауіпсіздік ережелердің сақталуын бақылау мен жоспарлы санитарлық тазалықтың үнемі қадағаланып отырғандығын меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов пен мейірбике Г.Тулегенова есеп беріп өтті.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғ.Тоқсанбаева сөз алды. Ғ.Тоқсанбаева сенбіліктің айлық тізімі құрылып, қызметкерлер бірлесіп, топтаса жұмыс жасаса деген пікірін айтты.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Алмаханов сөз алды. «Жасыл ел» көгалдандыру жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспардың негізгі мақсаты бақшаның ауласын абаттандырып, сенбілік іс-шарасын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша мейірбике Г.Тулегенова сөз алды. Топтардың антропометриялық тексеру «өте жақсы» деген қорытындыны көрсеткендігін айтып өтті. Тамақтың сапалылығы мен дәрумендігінің арқасында балалар өз жас ерекшелігінде салмағы мен бойының нормативтік қалыпты екендігін айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге дәмбике Б.Алиева сөз алды. Б.Алиева тамақтың сапалылығы мен дәрімендігі үнемі тексеріліп, сараптамадан өтіп отырғандығын, дәрімендердің нормаға сәйкес дер кезінде берілетіндігін ескертіп өтті.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сәуір айында өтетін «Ғарышкерлер күні» мен «Құстарды қорғау» тәрбие сағаттарының жоспарын бекітті. Жоспардың негізгі мақсаты тәрбиеленушілерге табиғаттың ғажайыптығын, ғаламшар мен зымыранның кереметтігін, ғаламшар туралы түсінік беру және құстарды қорғау, бағалау керектігін айтты. Тәрбие сағаттарының жұмыс барысын қадағалауды әдіскер Ж.Абдуллаева мен психолог Ж.Қыстаубаеваға жүктеді.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева топтардың «Анашым асылым» атты мерекелік ертеңгіліктің «жақсы» деңгейде өткендігін айтып өтті. Сонымен қатар «Қош келдің, Әз Наурыз» мерекесі салт-дәстүрді дәріптеу мақатында әр топта тәрбие сағаты аталып өткендігін айтып өтті.

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша дәмбике Б.Алиева сөз алды. М.Касымова тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын үнемі қадағалап, тексеріп отырғандығын айтты.

Тыңдалды:

Меңгеруші С.М.Есетова жалпы мәселелерді саралай келе жоспарланған жұмыстардың дер кезінде орындалуын қадағалайтындығын айтты. Сонымен қатар Мемлекеттік рәміздердің талапқа сай болуы керектігін айтты. Мемлекеттік Елтаңбаның жаңартылғандығын айтып, таныстырды. Топтардың Мемлекеттік рәміздер туралы бұктемелі құралдарын тексеру керектігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.«Жасыл ел» көгалдандыру жұмыс жоспарының жүзеге асыруды Д.Алмахановқа жүктелсін.
- 2.Топтардың Мемлекеттік рәміздер туралы құжаттамалары мен оқу-құралдары жаңартылсын. Жауапты әдіскер Ж.Абдуллаева
3. Балалардың даму көрсеткішін үнемі қадалауды мейірбике Г.Тулегеноваға жүктелсін.
4. «Ғарышкерлер күні» мен «Құстарды қорғау» тәрбие сағаттарының қадағалау мен қорытындылап, марапатқа ұсыну әдіскер Ж.Абдуллаеваға жүктелсін.
- 5.«Табиғатты аялайық!» сурет көрмесі ұйымдастырылсын. Жауапты әдіскер Ж.Абдуллаева
- 6.Тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын үнемі М.Касымова қадағаласын.

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

ХАТТАМА №9

2023 жылғы 26 сәуір

Түркістан қаласы

Меңгеруші жанындағы кеңес отырысы

Төрайымы-С.М.Есетова

Хатшы-Ж.Есенова

Қатысқандар: 59 адам (тізімі қоса берілді)

Күн тәртібінде:

- 1.№7 меңгеруші жанындағы кеңестің шешінің орындалуы. Меңгеруші С.М.Есетова
- 2.«Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігін бекіту Меңгеруші С.М.Есетова
- 3.«Жарақаттанудың алғашқы көмек көрсету» инструктаж жүргізу. Мейірбике Г.Тулегенова
- 4.«Табиғатты аялайық!» сурет көрмесінің қорытындысы Әдіскер Ж.Абдуллаева
- 5.Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін бекіту. Меңгеруші С.М.Есетова
- 6.«Баланың мінезі қалыптасқан кезеңнің қиындықтары» туралы психологиялық тексерудің қорытындысы мен «Жанұялық газет альбомдар» жинақтау Психолог Ж.Қыстаубаева
- 7.Жалпы мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова өткен №7 меңгеруші кеңес отырысының орындалған жұмыстары «Жасыл ел» көгалдандыру жұмыс жоспарының Д.Алмаханов дер кезінде ұйымдастырып, жүзеге асырып, бақша ауласы абаттандырылғандығын айтты. Сонымен қатар сенбілік жұмыстардың да дер кезінде ұйымдастырылғандығын айтып өтті.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге әдіскер Ж.Абдуллаева топтардың Мемлекеттік рәміздер туралы құжаттамалары мен оқу-құралдары жаңартылғандығын айтты. Сонымен қатар «Ғарышкерлер күні» мен «Құстарды қорғау» тәрбие сағаттары мен «Табиғатты аялайық!» сурет көрмесі ұйымдастырылғандығын айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге мейірбике Г.Тулегенова сөз алды. Г.Тулегенова балалардың даму көрсеткішін үнемі қадаланып, денсаулығын тексеру, егу жұмыстары дер кезінде жүргізіліп, қалалық балалар ауруханасына дер кезінде есеп беріліп отырғандығын айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге дәмбике М.Касымова сөз алып, тамақтандырудың санитарлық ережелері мен тамақтың сапалық құрамын үнемі қадағаланып отырғандығы туралы есеп берді.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. С.М.Есетова мектепалды топтарының «Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігінің 19 мамырға жоспарлап, тақырыпқа

сай, оқу-тәрбиесін қамту керектігін ескертті. Әдіскер Ж.Абдуллаеваға ертеңгілік жоспарын қадағалауды тапсырды.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша мейірбике Г.Тулегенова қызметкерлерге «Жарақаттанудың алғашқы көмек көрсету» инструктажын жүргізді. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында алғашқы көмектің түрлерін көрсету туралы айтып өтті.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша «Табиғатты аялайық!» сурет көрмесінің қорытындысы туралы әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ортаңғы, ересек топтар аралығында сайыс ұйымдастырылып, тәрбиеленушілерді табиғатты аялау мен қорғау мақсатында өткендігін айтты. Гүл отырғызу, тазарту жұмыстарын жүргізгендігін айтты. Сайыс қорытындысында «Бәйтерек» ересек тобының тәрбиеленушісі С.Кәрібай мен «Достық» ересек тобының тәрбиеленушісі Ш.Камбарбектің суреттері үздік деп танылды.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Абдуллаева сөз алды. Ж.Абдуллаева ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері келесі оқу жылында өтетіндігін айтты.

Жарыс сөз:

Жарыс сөзге меңгеруші С.М.Есетова сөз алды. Ашық оқу қызметтерін келесі оқу жылында жоғары деңгейде игеру керектігін ескертті.

Тыңдалды:

Алтыншы мәселе бойынша психолог Ж.Қыстаубаева сөз алды. Ж.Қыстаубаева «Баланың мінезі қалыптасқан кезеңнің қиындықтары» туралы психологиялық тексерудің қорытындысы мен «Жанұялық газет альбомдар» жинақталғандығы туралы есеп берді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.«Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігінің жоспары бекітілсін. Жауапты әдіскер Ж.Абдуллаев
- 2.«Жарақаттанудың алғашқы көмек көрсету» инструктаж жүргізілуі қадағалансын. Жауапты Г.Тулегенова
- 3.«Табиғатты аялайық!» сурет көрмесінің қорытындысында ортаңғы топтың тәрбиеленушілері Алғыс хатпен марапатталсын. Жауапты әдіскер Ж.Абдуллаева
- 4.Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері келесі оқу жылына жоспарланып, өтілуі қадағалансын. Жауапты әдіскер Ж.Абдуллаева
- 5.Бітіруші ересек топтың тәрбиеленушілеріне психологиялық мінездеме жинақталсын. Жауапты психолог Ж.Қыстаубаева
6. Аттестацияға санатқа өтініш берушілердің құжаттары бақылансын. Жауапты Ж.Абдуллаева

Меңгеруші жанындағы кеңестің төрайымы: С.М.Есетова

Хатшы: Ж.Есенова

